

Ақ Жайықтың №1 журналы



**Тарихи, танымдық
тәрбиелік бағыттағы білім,
ғылым, өнерді насихаттайтын
тұңғыш батысқазақстандық
басылым.**

ОРАЛДА ЖАСАЛҒАН!

www.danakaz.kz

+7 777 194 44 77



Жанар НҰРЛЫБЕКҚЫЗЫ,
Махамбет Өтемісұлы атындағы
БҚМУ-дың 4-курс студенті

Сұм заман шығармақ боп жоққа бәрін,
Білемін күні кеше оттағанын.
Бас имей қызылдарға өткен Құрмаш,
Бүгінде білді ме екен ақталарын.
Өзенге барар жолда күмбез көрем,
Тұсына аят оқып тоқталамын.
Еңсесі көк тіреген сол күмбезді,
Ұлы ерліктің нышаны деп қаламын.

*«Құрмаш батыр
туралы жыр»*

Адай Құрмаш батыр

Ғайыптан сәті түсіп Маңғыстауға
бара қалсаңыз, Жаңаөзен қаласына
барар жолда «Шұқырой» деген ойды
көресіз. Кәдімгі шұп-шұқыр боп жатқан
ой. Шұқыройдың жоғарғы тұсында кө-
зіңізге ақ кесене-ескерткіш шалынары
хақ. Ол – құралайды көзге атқан атақты
мерген, шаршы топқа түскен шешен,
артына халқын ерте білген көсем тоқа-
бай Құрмаш батырдың кесенесі.

Құрмаш батырды кешегі Кеңес үкі-
меті 1990 жылға дейін «банды Құрмаш»
деп атап келгені түбек жұртына мәлім
жайт. Кеңес үкіметі «банды» дегенмен,
халық оны өз батыры деп білді. Кезін-
де Кеңес үкіметі Адай халқының көсе-
мі, ел басшысының бірі – би Тобанияз
Әлниязулына да «Құрмашты құтқарып
қалды», «Құрмашқа қолдау көрсеткен»
деген айып тағып құдалаған, ақыр
соңында атып тастаған.

Көшпелі ел арасында, оның ішінде

әр тайпа, ру арасындағы қақтығыстар,
барымта-қарымталар, жер дауы, жесір
дауы ерте кезден бері жалғасқан. Маң-
ғыстау өңірінде жерге меншік болма-
ған, құдықтар да ортақ болған. Кім бұ-
рын көшіп келсе, сол ауыл жерді, суды
пайдалана берген. Дегенмен жайы-
лымдар мен қыстақтар үшін су тапшы-
лығының әсерінен кішігірім даулар да
болмай тұрмасы анық. Мұндай жан-
жалдар бұрын ел ақсақалдарының, би-
лерінің араласуымен шешілген.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін
жер, қоныс мәселесі жергілікті әкімші-
ліктің қолына берілді. Олар көбіне қыз-
мет бабын асыра пайдаланып, жеке
басының қамын күйттеген. Дау әділ
шешілмегендіктен, ел арасында араз-
дық көбейіп, ұрылар мен барымташы-
лар осындай келеңсіздіктерді тиімді
пайдаланған.

Сол кездегі үкімет саясатына нара-

зылық білдіріп, алым-салық, мал да-
йындау науқанының озбырлығына
көнбей, әкімшілікке жеккөрінішті бо-
лып, шет жақта көшіп жүрген жанның
бірі – Құрмаш Қошанов (кейбір дерек-
терде Қосжанов деп беріледі). Ол – ел
арасында тентек атанған, жергілікті үкі-
мет басшыларымен бас араз болған
адам. Ел ішінде ұры-қары, әсіресе, ба-
рымташылар өздері жасаған қылмы-
сын Құрмашқа жауып, құтылып кету
мақсатында әкімшілікке шағым түсіріп
отырған. Бұған мән беріп, дұрыс ше-
шім шығарудың орнына жергілікті ке-
ңестік басшылар Құрмашты «тәртіпке
салу» мақсатында бірнеше рет әрекет
жасайды. Осылайша, Кеңес үкіметі мен
Құрмаш арасында арандатушылық кү-
шейіп, бірнеше рет қарулы қақтығысқа
ұласқан. Сондықтан Кеңес үкіметі Құр-
машты «банды», «қарақшы», «үкімет
жауы», «барымташы» қылмыскер атады.



Тоқабай Құрмаш батыр жөнінде алғаш рет зерттеу жұмысын жүргізген, еңбек жазған – ғалым Әбілқайыр Спан. Ол өз еңбегінде Құрмаш қуғынға ұшырап жүргенінде Тобаниязбен бірнеше мәрте кездескені туралы жазады. Бірақ Тобанияз Құрмашты ұстап беруге әрекеттенбеген. Осыған қарағанда, арандатушылықпен «қылмыскер» атанған Құрмаштың жағдайын Тобанияз түсінген болу керек. Кейінірек «бандыға» қолдау жасап, әлденеше рет «Құрмашты төніп тұрған қауіптен құтқарып жіберген» деп Тобаниязға айып таққан.

Мұрағат құжаттарында Гурьев қылмысты зерттеу бөлімінің бастығы Жуков пен нұсқаушы Сидоров «1928 жылдың 15 наурызы мен 1 сәуірі аралығында Құныскерей Қожақметов пен Құрмаш Қошанов «бандысы» туралы мәлімет түскен жоқ, қайда жүргендері белгісіз» деп мәлімдейді. Тағы бір мәлімдемеде «Құрмаш Қошанов – «Құрмаш бандысы» Адай даласының түкпіріне сіңіп кетті. Ол туралы біз Адай округтік қылмысты зерттеу бөліміне хабарладық» дейді.

Ал белгілі ғалым, профессор Талас Омарбековтың еңбегінде мынадай мәлімет берілген: «Гурьев (Атырау) округінің Маңғыстау өңірінде 1931 жылы Кеңес үкіметіне қарсы бірнеше бас көтеру болды. Көтерілісті ұйымдастырушылардың басында Құрмаш Қошанов, Естұрған Оразбаев, Айзақ Өмірбаев секілді адамдар болды. Өңірдегі көтерілістер 1922 жылдан бастау алған. 1931 жылы 15-16 және 20-26 сәуір аралығында, 23-25 маусым мен 7-9 шілде аралығында Маңғыстау өңірінде болған көтеріліс кезінде көптеген адам жазаланып, өлім жазасына кесілген. Тұтқынға түскендер де әртүрлі жазаға тартылды.


Жұт кезінде малдан айырылған елдің салық төлеу мүмкіндігі жоқтығына қарамастан, жергілікті билік тарапынан қысым күшейе түсті. Оған қарсылық көрсеткендердің бірі де бірегейі Құрмаш Қошанов болды. Ол саясатта шаруасы жоқ, өз руы арасында сөзі өтімді, ауыл арасының қарапайым шаруасы болды. Жаңа үкіметтің саясатына қарсы болған Құрмаш Жылыой жеріне бой тасалап барған кезінде жергілікті тәртіп органдарымен қақтығысып қалады. Осыдан бастап Құрмаш Кеңес үкіметі тарапынан «банды» деп аталып, оны ұстауға қарулы топ шығарылды. Бұл кезде жер-жерде «Төңкеріске (революцияға) қауіп төндіруші күштер бар» деген пікір орныққан еді. Біріккен мемлекеттік




Өтеулиев Оразбай



Достанов Құтты



38. Умаров



4. Байбеков Сағиғали

саяси басқарманың (БМСБ – ОГПУ) дәл осы кезде шыққан «Шұғыл түрде барлық контрреволюциялық ұйымдарды, топтарды, жекелеген контрреволюционерлерді жоюды аяқтау; әрекет етіп жүрген бандыны жою...» деген №44/21 бұйрығы болды. Тарихшы ғалым Т. Омарбековтың 1931 жылғы Адай көтерілісінің алғышарттарының бірі ретінде «Құрмаш Қошанов бастаған қарулы топтың барымтамен айналысып, Кеңес үкіметінің жаңа саясатын орнықтыруға орасан зор кедергі келтіріп келгенін» айтады. Бұл жердегі «жаңа саясат» деп отырғаны елді отырықшыландыру болатын. Сөйтіп, билік тарапынан арандатушылыққа ұшыраған Құрмаш біржола «банды» атанып, оған іздеу салынады. Құрмаштың бұдан кейінгі өмірі қашумен өткені мәлім.

Халық арасында батырдың қайтыс болуы туралы мынадай аңыз-әңгіме сақталып қалған: «Тоқабай Құрмаштың атында да, өзінде де әл қалмай, әбден титығып, бір жерге келіп құлайды. Анадайдан қарауытып қызыл әскердің қолы көрінеді. Кенет солардың арасынан бір атты адамның келе жатқанын аңға-



43. Умаров Умарбай

рады. Әлгі атты адам жақындағасын оның Қаңғабай екенін таниды. Қаңғабай Құрмаштың қасына кеп, сусын береді. Сонда Құрмаш өзінің соңғы сөзін Қаңғабайға былай деп айтқан екен:
– Қаңғабай, жатқаным жоқ жерде бөтен, Демесін мына Құрмаш көнген екен.

Ат мені! Өлтір қазір осы арада,
Күнәнді Алла алдында мен көтерем.

Бұл жерге тіреп өлем табанымды-ай,
Кеудемнен қалмас, сірә,
жан арылмай.

Ат мені, өлтір қазір өз қолыңмен,
Қызылға анау тұрған таба қылмай.

Басқаны мен өзіңнен сұрамаймын,
Жатпасын жау алдында құлап айбын.
Олардың жүректерін жасқандырсын,
Ерлерінің өлімі бұл Адайдың!

Қаңғабай, сауап саған, күнә маған,
Жараспас мұндай істе тұралаған.
Дәл қазір достың оғы жау алдында
Гүлдей боп қадалады мына маған.»

Осылай Құрмаш батыр жау қолы-
нан аман қалмасын біліп, өзін Қаңға-
байға аттырады. Арада сан жылдар
өтіп, ата-бабамыз армандап, сан ғасыр
күрескен киелі Тәуелсіздікке қол жеткі-
зіп, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп
жатқан жәйі бар. Сондықтан да Құр-
маш туралы айтар екенбіз, одан кеңес-
тік жүйе таққан «банды», «қарақшы
болды», «барымташы» деген жаладан
аршып тазартуымыз керек және ұрпақ-
қа дұрыс насихаттай білу – біздің аза-
маттық парызымыз.

Құрмаш тек қана құралайды көзге
атқан мерген емес, өлең шығаратын
сері адам болған деседі. Оның ел ара-
сында кең тараған өлең жолдары мы-
надай:

«Мен өзім Тоқабайдың

Құрмашы едім,

Той болса қыз-жігіттің

жорғасы едім...»

Құрмаш қайтыс болғалы арадан 60
жылдай уақыт өтіп, 1990 жылдар басын-
да Тоқабай руының азаматтары батыр-
дың басына үлкен кесене-ескерткіш
орнатты. Ал 2010 жылдың 13 маусы-
мында Құрмаштың дүниеден озғанына
80 жыл толып, жаңаөзендік мұнайшы-
лар мен зиялы қауым өкілдері және
әкімшілік қызметкерлерінің ұйымдас-
тыруымен батырдың рухына арнап үл-
кен ас берді. Сөз соңында Мағжан
ақынның мына өлең жолдары еріксіз
ойға орала береді:

...Ерлерді ұмытса да ел,

сел ұмытпас,

Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас,

Ел үшін жанын қиып, жауды қуған,

Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас,

Ел үшін төккен ерлер қанын жұтып,

Ерлерді ұмытса да ел,

жер ұмытпас...



Екі жүзді айбалта

Жақын қашықтықта ұрыс жүргізуге
арналған көшпелілер қаруының көне-
ден келе жатқан түрі – жауынгерлік
балта. Қазақтардың шабу қаруы басы-
ның өзіндік сыртқы формасымен ерек-
шеленеді. Жүзі жалпақ, жалманы жар-
ты ай сияқты дөңгелене келген түрін
айбалта деп атайды. Бұл балта түрінің
атауына «ай» сөзінің қосылуы оның
басының формасы жарты ай тәріздес
болуына байланысты айтылған.

Археологиялық жазбаларға сүйен-
сек, сақ жауынгерлері басы жарты ай
формалы «сагарис» деп аталған екі
басты айбалта түрін қолданған.

Екі жүзді айбалтаның жүзі шабуға,
үшкір шүйдесі шаншұға, қарсы сілтеген
жау қылышын жасқап, алқымымен іліп
тартуға, сабынан қанжар суырып алуға
арналған. Оны қазақтар соғыстың не-
гізгі қаруы ретінде қолданған. Бұл бал-
та түрінде шабумен бірге кесу арқылы
да жарақат салу мүмкіншілігі бар. Соң-
дықтан да бұл балтаның дөңгеленген
жүзі кесу арқылы жарақат салатын қай-
қы қылыштың дөңгеленген жүзіне ұқ-
сас келеді.

Батыс Қазақстан облыстық тарихи-
өлкетану музейінің бөлімшесі санала-

тын Жәңгір хан атындағы тарихи-этно-
графиялық музей залындағы екі жүзді
айбалтаны 2008 жылы Алматы қаласы-
ның тұрғыны, жеке кәсіпкер Жансейіто-
ва Айжан-Сара Бекжігітқызы музей қо-
рына тапсырған. Екі басты айбалта са-
бының басы түйреуге арналған үшкір,
шүйдесі жатық. Балта сабының ұзын-
дығы – 79 см, ал жүзінің ені – 31 см.
Айбалтаның басы күмбезделген өсім-
дік тәріздес оюмен, арабша жазуларға
ұқсас өрнектермен әшекейленіп және
құстардың бейнесі салынып безенді-
рілген. Сабындағы өрнектері желініп,
көмескі көрінеді.

Қазақтар қару-жарақтарға Құран
аяттарын, түрлі дұғаларды немесе киелі
сөздерді жазған. Бұл жазулардың мақ-
саты да қарудың күшін арттыру, оның
иесін қауіп-қатерден қорғау болған,
сондықтан бұл жазулардың әшекейлік
қана емес, магиялық та функциясы бар
деп есептеген. Бұл қаруды қазақтар жа-
уынгерлік қару ретінде XIX ғасырдың
аяғына дейін қолданып келген.

Күміс ШӘРИПҚАЛИЕВА,

Батыс Қазақстан облыстық тарихи-
өлкетану музейінің қызметкері